

Ф.ғ.к., доцент Гүлжиһан Пішенбайқызы Шаһарманның қала деңгейінде пән оқытушыларына арналып өткізілген шеберлік сыныбы

ШЕБЕРЛІК САБАҚ

Дебат- сабақтың жоспары

Тақырыбы: «Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына өзгеріс қажет пе?»

1. Дебат- сабақ туралы мәлімет

Пән:	Қазақ тілі
Топ:	тереңдетілген (1-7) В2-С1 деңгейлер
Мекеме:	Қала әкімдігіндегі басқармалар
Өтілу мерзімі:	23.08.2017ж
Уақыты:	14:00- 15.20
Өтетін орны:	Қала әкімдігінің ғимараты, 430- кабинет
Оқытушы:	ф.ғ.к., доцент Г.П. Шаһарман, Абай атындағы

ҚазҰПУ





ШЕБЕРЛІК САБАҚ

Дебат- сабақтың жоспары

Тақырыбы: «Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына өзгеріс қажет пе?»»

Сабақтың тақырыбы	«Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына өзгеріс қажет пе?»
Модуль	Сәулет, тұрғын үй саласы
Сабақтың мақсаты:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілінде сөз әдебі мен тіл мәдениетін дамыта отырып, мемлекеттік мәселелер туралы өз ойларын айқындай түсу. 2. Мемлекеттік тілдің маңызы мен қызметіне көз жеткізу. 3. Пікірталаста сөз мәдениетін сақтай отырып, өз ойларын қорғай білуге қалыптасу.
Сабақтың технологиясы:	Дебат-сабақ (Карл Поппердің форматында). Өзгерістер енгізілді.

Сабақтың түрі:	Практикалық сабақ
Сабақтың әдіс- тәсілдері:	Дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, интербелсенді технологияларына сәйкес ой бөліс, ой талқы, ой қозғау, талдау, сұрақ-жауап, интенция, трансформация, интерпретация, ой қорыту.
Тілдік материалдар:	термин сөздер; жай және құрмалас сөйлемдердің қолданылуы.
Тілдік құзыреттілік:	<ul style="list-style-type: none"> - мамандардың тіл мәдениетін, сөйлеу шеберлігін дамыту; - танымдық ақпараттарды жинақтап, әзірлеуге, қажетін іріктеп алуға дағдыландыру; - өз ойларын, жеке пікірлерін айтуға қалыптастыру; - тілдік материалдарды қажетіне қарай жұмсай білу; - интенция негізінде өзге пікірлерді қолдауға, құрметтеуге, қажет болған жағдайда қарсылық білдіруде сөз әдебін сақтауға үйрету; - дәйектеме, дәлелдемелерін айқын жеткізе білуге қалыптастыру; - шаршы топ алдында сөйлеуге, өз ойын саралауға (анализ жасауға) баулу; - өзге тілді тұлғаларды психологиялық, тілдік кедергілерді жеңуге үйрету; - сөз сайысында ой-пікірдің әр алуандығына көз жеткізу - еркін көзқарастардың бәсекелестігін туғызу; - тыңдаушының мәдениетін қалыптастыру
Табыс критерийлері	Мемлекеттік тілде сөйлеудің маңыздылығына көз жеткізеді. Тіл мәдениетін сақтай отырып, сөйлеу әрекеттерін дамытады.
Түйінді идеялар	Басқа кәсіби бағыттармен қатар сәулет, тұрғын үй саласында да қазақ тілінде сөйлеу мүмкіндігінің кеңдігі.
Оқытушының іс-әрекеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымдастыру. 2. Дебатшылардың бағыттарын айқындауға көмектесу. 3. Екі топқа да қолдау көрсету. 4. Таймкиппер мен дебатшылардың сөздері мен әрекеттерін бақылау. 5. Бағалау.

	6. Қорыту.
Тыңдаушылардың іс-әрекеттері	<p>1. Өздерін таныстыру. Топ ұраны, Эмблемасы (белгісі)</p> <p>2. Екі топ спикерінің резолюцияларымен таныстыруы.</p> <p>3. Дефиницияларын ұсыну, түсінік беру</p> <p>4. Өз пікірлерін қорғау.</p> <p>5. Қарсыластарын тыңдау, сұрақ қою, жауап беру.</p> <p>6. Аргументтер ұсыну.</p> <p>7. Қорытындылау.</p> <p>Сөйлеу әрекеттері: Айтылым, тыңдалым, тілдесім, оқылым</p>
Сабақтың ресурстары	Интерактивті тақта, ДК, Power Point бағдарламасы, Microsoft Office Word. Әдебиеттер. Оқу құралдары. Интернет материалдары. Топ ұраны.

II. Практикалық тілдер кафедрасының әдістемелік бірлестік семинары. 2018 жыл, 26 сәуір. Сағ. 15.00.

Әдістемелік баяндама.

Баяндамашы: ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман

Тақырыбы: ЖОО студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану/ Применение интерактивных методов обучения при формировании коммуникативной компетенции студентов вузов.



Аннотациясы:

ЖОО-да білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудың жолдары

Баяндамада ЖОО-да білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудың жолдары қарастырылды. «ҚР-да тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей қоғамдағы **тілдік ортаны қалыптастырушы рөл атқаратын негізгі топ** болып қазақ жастары мен мемлекеттік тілде сөйлейтін өзге ұлт жастары екені белгілі. Осы орайда ЖОО-да даярланатын болашақ мамандардың көптілді, әсіресе, мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерулеріне баса назар аударылып отырғандығы айтылды. Білікті маманың жалпы құзыреттілік деңгейінің бір бөлшегі ретінде олардың коммуникативтік құзыреттілігінің алатын орны зор екендігіне көпшіліктің назарын аудартты.

Баяндамашы Г.П. Шаһарман осы тұрғыдан алғанда кәсіби-бағдарлы технологиялар негізінде студенттердің **коммуникативтік құзыреттілігін** қалыптастыру өзекті мәселелеріне тоқталды. Біріншіден, ЖОО-да –заманның қажеттілігіне, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелеу, екіншіден, жеке тұлғаны болашаққа қызмет ететін кәсіби білімді мамандарды даярлау болса, жоғары оқу орындарында оқу материалын, курсты модульге бөлуде, кәсіби мамандануда ойдағыдай нәтижеге жетуге, уақытты дұрыс пайдалануға, студенттердің өз бетімен ізденіп жұмыс жасауына, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігін алға тартты. Сонымен қатар «күзірет» ұғымының мәніне және коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттеріне тоқталды. Ойдың түйініне тоқтала келе, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық түрлеріне тоқталып, тиімді әдіс-тәсілдерге сипаттама жасады. Ең бастысы **модельдеу әдісі, проблемалық оқыту әдісі, дамыта оқыту, сыни ойлау, топтық жұмыстар, дебат – сабақ** сияқты әдістердің студенттердің тілін дамытып, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға болатынын оқытушы өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып жан-жақты баяндап берді.

III. Алматы университеті Жоғары оқу орындары арасындағы семинар

2018 жыл, 13 наурыз, сағ.9.00-13.00.

Қатысушылар:

Ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор-Демеуова Л.Н., Университеттің педагогикалық ұжымы (филологтар, тарихшылар, әлеуметтанушылар). Қазақ қыздар педагогикалық университетінің профессорлары.

Әдістемелік тренинг

Тренингті жүргізуші: ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Тақырыбы: Жоғары оқу орындарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі.

Жоспары:

- 1) «Инновация», «технология» сөздерінің мағынасы.
- 2) Инновациялық технология түрлері
- 3) Қолданудың мақсаты. Сабақ кезеңдерінен үзінді.
- 4) Қолданудың тиімділігі.

1. «Технология» термині алғаш рет 1940–50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология — өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикі заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы..

2. Педагогикалық технологиялардан төмендегілерін жекелей атап көрсетуге болады:

- Білім беруді ізгілендіру технологиясы
- Ойын арқылы оқыту технологиясы
- Проблемалық оқыту технологиясы
- Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы-
- Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы —
- Деңгейлеп саралап оқыту —
- Бағдарламалап оқыту
- Оқытудың компьютерлік технологиясы
- Дамыта оқыту технологиясы —
- Модульдік оқыту тетехнологиясы

В.А.Максимова технологияларды былай ұйымдастыруды ұсынды:

- 1.Ойын технологиалары;
- 2.Терминдік технологиялар;
- 3.Ақпараттық технологиялар;
- 4.Диологтық технологиялар;
- 5.Құрылымдық ойлау технологиялары

Қазіргі кезде В.А.Максимованың бұл топтастыруы әрі қарай дамытылып, күрделендіріле кеңейтілді. Жалпы педагогикалық технологиялар 3 топқа бөлінеді. Сондай-ақ әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы басты нәрсе— бұл білім алу және өздігінен блім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жана білім беру парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Сонымен, инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

**Оқу үрдісінде қолданылған инновациялық технологиялар мен
интерактивті әдістер**

Оқытушы: ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман

	Инновациялық технологиялар мен интерактивті әдістер	Сабақтың тақырыптары
	Дамыта оқыту технологиясы. Эссе.	<ul style="list-style-type: none"> • 1- семестр .Неке. Отбасы.Әулет. • Баспана. Бала тәрбиесі. 2-семестр .Табиғи ресурстар. Су ресурсы. Қазба байлық ресурстары.
	Ақпараттық технология. Шығарма.	<p>1- семестр 1.Қазақстанның әлеуметтік- географиялық орны, ерекшелігі.</p> <p>2-семестр 2.Көлік тасымалы-логистика. Байланыс. Қайырымдылық қорлар мен бағдарламалар.</p>
	Деңгейлеп саралап оқыту Топтық жұмыс	<p>1- семестр 1.Ел басқару жүйесі. Президент. Үкімет.Парламент. Сот. ҚР стратегиясы мен даму бағдарламалары</p> <p>2-семестр 2.Сәулет және құрылыс өнері. Көне және заманауи ескерткіштер</p>
	Диалогтық технологиялар Жұптық жұмыс	<p>1- семестр 1.Ұлттық қауіпсіздік. Қарулы күштер.Құқық қорғау органдары.</p> <p>2-семестр 2.Қорықтар мен ұлттық саябақтар</p>
	Тестілеу технологиясы. Жеке жұмыс	<p>1- семестр 1.Экономика: Ішкі және сыртқы сауда.</p> <p>2-семестр 2.Сән әлемі. Дизайн. Ұлттық киім. Ұлттық ою-өрнек.</p>
	Ойын технологиялары Рөлдік ойын	<p>1- семестр 1.Ақша кредит - саясаты. Банк жүйесі. Ұлттық валюта.</p>

		2-семестр 2. Ұлттық мейрамдар. Мемлекеттік және халықаралық атаулы күндер, мерекелер
	Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы. Интерактивті тақтамен жұмыс	1- семестр 1.Білім. Кәсіби бағдар. Оқу орындары. Мамандық.Ғылым және инновациялық технологиялар. 2-семестр 2. Ғарыш айлағы. Қазақ ғарышкерлері
	Проблемалық оқыту технологиясы Саяхат жасау	2-семестр Тіл. Мәдениет. Өнер. Өнер шеберлері. Театр. Мұражай.
	Модульдік оқыту тетехнологиясы . Презентация	2-семестр Өнегелі ғұмыр:тарихи тұлғалар
	Постерлік технология. Газет- журналдармен жұмыс	2-семестр. БАҚ құралдарымен жұмыс
	Дебат. Дөңгелек үстел. Семинар.	2-семестр. Қайталау сабақтары

